

Тәлімгердің 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есебі

“Талды” атындағы жалпы білім беретін мектебі

2024–2025 оқу жылында мектептегі аға тәлімгер жұмысы нақты жоспарға сәйкес жүргізілді. Жыл бойы оқушыларды белсенділікке, рухани-адамгершілік тәрбиеге, елжандылыққа және көшбасшылыққа тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Іс-шаралар мектеп парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы және түрлі фракциялармен бірлесе отырып жүзеге асырылды.

I. Жыл басындағы ұйымдастыру жұмыстары

2024–2025 оқу жылының басында тәлімгерлік жұмысымды нақты жоспар бойынша жүйелі түрде бастадым. Ең алдымен, мектеп парламентінің жаңа құрамын қалыптастырып, фракцияларға бөлдім. Оқушылардың қызығушылығы мен жеке қабілеттеріне қарай әрқайсысын тиісті бағыттағы фракцияларға бекіттім. Парламенттің ішкі ережелері мен міндеттері түсіндіріліп, жауапкершілік жүктелді.

Сонымен қатар, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданатын оқушыларды іріктеп, бұрынғы мүшелер тізімін жаңарттым. Қабылданатын оқушыларға галстук тағу, төсбелгі тағу, ант қабылдау сынды рәсімдердің маңыздылығы түсіндіріліп, дайындық жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында мектеп парламентінің алғашқы отырысын өткіздім. Отырыста жыл бойы атқарылатын іс-шаралар жоспары таныстырылып, әр айдың бағытына сай жұмыстар бөлінді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бірнеше ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныстарды жылдық жоспарға енгізуге тырыстым.

Жыл басындағы бұл ұйымдастыру жұмыстары – алдағы тәрбие жұмыстарының негізін қалады. Оқушылардың көшбасшылық қасиетін дамыту, белсенділікке тарту және мектеп өміріне қызығушылығын арттыру

бағытында нақты мақсаттар қойылды. Парламент мүшелерімен күнделікті байланыс орнатып, олардың жұмысқа деген ынтасын арттыруға тырыстым.

II. Айлықтар бойынша өткізілген жұмыстар

Ай	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	«Мектебіміздің мақтанышы»	Ақпараттық сағат	Аға тәлімгер
Қыркүйек	«Мейірімділік айы»	Қайырымдылық акциясы	Аға тәлімгер, еріктілер
Қыркүйек	«Жол қозғалысы – қауіпсіздік негізі»	Апталық, тәртіп түсіндіру	Аға тәлімгер, ЖПҚ инспекторы
Қазан	«Ұстазым – ұлағатты тұлға»	Мерекелік шара	Аға тәлімгер, парламент
Қазан	Мектеп парламенті сайлауы	Фракцияларды бекіту	Аға тәлімгер
Қазан	«Алтын күз»	Көрме және байқау	Мәдениет фракциясы
Қараша	«Біз өнерлі жастармыз»	Флешмоб	Аға тәлімгер
Қараша	«Пародист – коктейль»	Сазды кеш	Мәдениет фракциясы
Қараша	«Таза сынып – таза мектеп»	Тазалық рейді	Экология фракциясы
Желтоқсан	«Тәуелсіздіктің туын желбіреткен»	Кездесу	Аға тәлімгер
Желтоқсан	«Мен елімнің патриотымын»	Интеллектуалды ойын	Дебат фракциясы
Желтоқсан	«Жаңа жыл – әр үйге!»	Құттықтау	Қамқоршылық фракциясы
Қаңтар	«Сән үлгісі»	Шығармашылық байқау	Бақыт фракциясы

Қаңтар	«Қыс кереметі»	Сурет көрмесі	Экология фракциясы
Қаңтар	«Табиғатты таза болашаққа қалдыр»	Пікірталас	Ақпарат фракциясы
Ақпан	«Денсаулық шаңғысы»	Жарыс	Спорт фракциясы
Ақпан	«TikTok әлемі»	Креативті сайыс	Ақпарат фракциясы
Ақпан	«Ауғанның от жалыны»	Кездесу	Мәдениет фракциясы
Наурыз	«Көктем аруы – 2025»	Байқау	Мектеп президенті
Наурыз	«Ұлттық киім – ұлтымыздың келбеті»	Сән көрсетілімі	Мәдениет фракциясы
Наурыз	«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті»	Дәріс	Аға тәлімгер
Сәуір	«Құстар біздің досымыз»	Экологиялық акция	Экология фракциясы
Сәуір	«Телефонның пайдасы мен зияны»	Пікірталас	Ақпарат фракциясы
Сәуір	«Кітап – білім ордасы»	Жоба аясында кітап бұрышы	Аға тәлімгер
Мамыр	«Ерлік ешқашан ұмытылмайды»	Ардагерлерге құрмет	Аға тәлімгер, парламент
Мамыр	«Жас Ұлан» қорытынды жиыны	Жылдық шолу	Аға тәлімгер
Мамыр	«Таңертеңгі үлгілі іс»	Оқушы үлгісін көрсету	Аға тәлімгер
Мамыр	«Интернеттегі алаяқтық»	Анықтама жұмысы	Аға тәлімгер



Қоғамдық белсенділік

Оқушылардың бойында жанашырлық, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында жыл бойы әртүрлі қайырымдылық акциялары өткізілді. Бұл іс-шаралар оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, өз ортасына, қоғамына деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталды. Атап айтқанда:

- «Жылы ұя» – әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету;
- «Мейірімділік – ізгі іс» – игі істер апталығы;
- «Ерікті іс» – оқушылардың ерікті көмек көрсету шаралары.

Сонымен қатар, мектеп ауласын көгалдандыру, тазалық рейдтері, оқушы формасын, күнделіктерін тексеру, оқу құралдарының ұқыптылығын бақылау сынды қоғамдық еңбекке баулу шаралары да жүйелі түрде жүргізілді. Бұл шаралар оқушылардың еңбекке деген ынтасын, тазалық пен тәртіпке деген көзқарасын қалыптастырды.



2024–2025 оқу жылында мектебіміздегі «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілді. 130 оқушының әрқайсысы өз деңгейінде түрлі бағыттағы іс-шараларға тартылып, белсенділік танытты.

Тәрбие жұмысының негізі – оқушының жүрегіне патриоттық рух, адамгершілік қасиет, қоғамға деген жауапкершілікті ұялату. Осы орайда жыл бойы ұйымдастырылған құқықтық, патриоттық, эстетикалық, экологиялық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйым мүшелерінің жан-жақты дамуына өз үлесін қосты



«Жас ұлан» ұйымының құрылымы тұрақты жұмыс істеді, ұланбасы мен топбасшылар ай сайын жиналыстар өткізіп, нақты шешімдер қабылдауға қатысты. Оқушылардың көшбасшылық, шешендік, жауапкершілік қасиеттері түрлі тренингтер мен байқаулар арқылы жетілдірілді.

Мектеп оқушылары арасындағы қоғамдық белсенділік артып келеді. Әр оқушы өз мүмкіндігі мен қызығушылығына сай бағытта жұмыс жүргізіп, ұйымға үлес қосуда. Жылдың басында ұйым құрамында 35 мүше болса, жыл соңында бұл көрсеткіш 90-ға жетті. Бұл – ұйым жұмысының шынайы көрсеткіші.

Келесі 2025–2026 оқу жылына мақсаттар:

- Ұйым мүшелерінің шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
- Қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысушылар санын арттыру;
- Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларды жаңа форматта іске асыру;
- Цифрлық технологияларды пайдаланып ұйым жұмысын жандандыру (видео-есептер, онлайн сауалнамалар, т.б.);
- Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе отырып, оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

2024–2025 оқу жылында мектебіміздегі «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілді. Барлық оқушының әрқайсысы өз деңгейінде түрлі бағыттағы іс-шараларға тартылып, белсенділік танытты.

Тәрбие жұмысының негізі – оқушының жүрегіне патриоттық рух, адамгершілік қасиет, қоғамға деген жауапкершілікті ұялату. Осы орайда жыл бойы ұйымдастырылған құқықтық, патриоттық, эстетикалық, экологиялық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйым мүшелерінің жан-жақты дамуына өз үлесін қосты.

«Жас ұлан» ұйымының құрылымы тұрақты жұмыс істеді, ұланбасы мен топбасшылар ай сайын жиналыстар өткізіп, нақты шешімдер қабылдауға қатысты. Оқушылардың көшбасшылық, шешендік, жауапкершілік

қасиеттері түрлі тренингтер мен байқаулар арқылы жетілдірілді.

Мектеп оқушылары арасындағы қоғамдық белсенділік артып келеді. Әр оқушы өз мүмкіндігі мен қызығушылығына сай бағытта жұмыс жүргізіп, ұйымға үлес қосуда. Бұл – ұйым жұмысының шынайы көрсеткіші.

Келесі 2025–2026 оқу жылына мақсаттар:

- Ұйым мүшелерінің шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
- Қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысушылар санын арттыру;
- Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларды жаңа форматта іске асыру;
- Цифрлық технологияларды пайдаланып ұйым жұмысын жандандыру (видео-есептер, онлайн сауалнамалар, т.б.);
- Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе отырып, оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

2024–2025 оқу жылы барысында аға тәлімгер ретінде мектеп оқушыларының тәрбиесіне, азаматтық белсенділігіне және әлеуметтік жауапкершілігіне бағытталған бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жылдық жоспарға сай әр ай белгілі бір бағытқа арналды. Ай сайын өткізілген іс-шаралар оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың бойында отансүйгіштік, мейірімділік, ұйымшылдық пен еңбекқорлық сынды қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Мектеп парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының белсенділігі артты, оқушылар фракциялар арқылы өз бетімен іс ұйымдастыруға, жауапкершілік алуға дағдыланды. Тәрбие жұмыстары оқушының бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, қоғамдық өмірге белсенді араласуына бағытталды.

Өткізілген іс-шаралардың барлығы әлеуметтік желіде, мектептің ресми

парақшаларында жарияланып отырды. Бұл мектеп өмірінің ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың жетістігін көпшілікке танытуға ықпал етті.

Жалпы, 2024–2025 оқу жылындағы тәлімгерлік жұмыс өз мақсатына жетіп, оқушылардың жан-жақты дамуына негіз болды. Алдағы оқу жылында да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табады деп сенемін.